

Д. СЕРІКБАЕВ атындағы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Қазақ тілі пәнінен
№2 межелік бақылау жұмысы

1. Тәуелді септелген сөз тіркесін көрсетіңіз.
 - A) Менің ағам осында
 - C) Менің ағамда отыр
 - B) Мен ағамын
 - D) Менің ағам дәрігер
 - E) Менің ағам
2. Өзгелік етістің жұрнағын көрсетіңіз.
 - A) -ыс, -іс, -с
 - B) -сы, -сі
 - C) -дыр, -дір, -ғыз, -гіз
 - D) -ыл, -іл, -л
 - E) -ын, -ін, -н
3. Өткен шақтық көсемше қандай жұрнақтар арқылы жасалады?
 - A) -ар,-ер,-р
 - B) -ғалы,-гелі,-қалы,-келі
 - C) -ған,-ген,-қан,-кен
 - D) -ыс, -іс, -с
 - E) -ын,-ін
4. Етістік қандай сөз табы?
 - A) Заттың санын білдіретін сөз табы.
 - B) Қимылдың түрлі белгісін, күй-жайын білдіретін сөз табы.
 - C) Заттың атын білдіретін сөз табы.
 - D) Адамның әр түрлі көңіл-күйін білдіретін сөз табы.
 - E) Заттың сапасын білдіретін сөз табы.
5. Үндестік заңына бағынбайтын сөз:
 - A) Жасап
 - C) Ол
 - B) Отырғызып
 - D) Еңбекқор
 - E) Кетті
6. Қарамен белгіленген сөз қай сөз табында тұр: Жиналысқа бірер адам жиналды.
7. Берілген сөздерге зат есімнің сөз тудырушы жұрнақтарын жалғаңыз: *жер, бала, курс.*
8. Берілген етістікті болжалды келер шаққа қойыңыз: *тара, жу, ки.*
9. Берілген сөздердің антонимін табыңыз: *сымбатты, тар, мейірімді.*
10. Берілген тұрақты сөз тіркесінің мағынасын ашыңыз: *Бетінен оты шықты.*

Мәтінмен жұмыс:

Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тест сұрақтарына жауап беріңіз.

Ерекше мұражай

Түркияда еш жерде жоқ мұражай салу жоспарланып отыр. Бұл мұражай 2 метр су астында орналасқан.

Жаңа мұражай Бурса аймағындағы Изник көлінде салынған. Тұнық судың астында орналасқан мұражайды түбі әйнектен жасалған кеме арқылы да тамашалауға болады. Сол арқылы суға түспей-ақ мүсіндерді көруге болады. Мексиканың Канкун қаласында экспозициясы су астында орналасқан ерекше музей бар. Бұл әйгілі су астындағы мүсіндер музейі Канкун ұлттық саябағындағы Кариб теңізінің ең түбінде орналасқан және әлемдегі ең қызықты мәдени орындардың бірі деп танылды.

1. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемді толықтырыңыз.

Су астына ... салуды жоспарлап отыр.

- A. үй
- B. жол
- C. қала
- D. мұражай

2. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.

- A. Изник көлі үлкен.
- B. Изник көлі Түркияда орналасқан.
- C. Судың астында мұражай салынады.
- D. Су астындағы мұражай еш жерде жоқ.

3. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A. су, жаңа, Изник
- B. Изник, мұражай, су
- C. мұражай, жоспар, көл
- D. Бурса, Түркия, Изник

4. Асты сызылған сөзге қарама қарсы мәндес сөзді анықтаңыз.

Әлемдегі ең қызықты мәдени орындардың бірі деп танылды

- A. қызықсыз
- B. барлық жауабы дұрыс
- C. үлкен
- D. ескі

5. Сөйлемді толықтырыңыз.

Жаңа мұражай салынған

- A. су астына
- B. Мексика қаласында
- C. Канкун ұлттық саябағында
- D. Кариб теңізінің түбінде

Құрастырған аға оқытушы Ф.И. Байбатанова